

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Abai Kazakh National Pedagogical University

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК BULLETIN

«Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы
Серия «Исторические и социально-политические науки»
Series «Historical and socio-political sciences»

№ 3(74), 2022

Алматы

татарлардың (түркі-монғолдардың) көне заманнан орта ғасырларға дейінгі жекелеген тарихы (этникалық-әлеуметтік даму тарихынан)..... 224

Karasaev G.M., Oskembai A.A., Ospanova R.R. A separate history of the tatars (turko-mongols) from ancient times to the middle ages in the works of european researchers of the early XVIII-XX centuries (from the history of ethnosocial development)

АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ АРХЕОЛОГИЯ И ЭТНОЛОГИЯ ARCHAEOLOGY AND ETHNOLOGY

Гурсой М., Сиздинов Б., Мургабаев С. Ортағасырлық Сығанақ қаласынан табылған асхана жарақтары (көзқарастар мен пікірлер)..... 233

Gursoy M., Sizdikov B., Murgabaev S. Kitchen utensils from the medieval settlement of Syganak (opinions and reasoning)

Досымбетов Н.А., Раздыков С.З. XIX ғасырдағы Келес өзені бойы қазақтарының суландыру жүйесі (далалық этнографиялық экспедиция материалдары бойынша)..... 244

Dossymbetov N.A., Rasdykov S.Z. The irrigation system of the kazakh in the Keles river valley in the 19th century (by the materials of field ethnographic expeditions)

ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАР ПЕРСОНАЛИИ PERSONALITY

Мамбетов Б., Түрсүн Х. Академик С.Бәйішевтің қызметін зерттеуде биографиялық тәсілді қолдану..... 255

Mambetov B., Khazretali Tursun. Biographical approach to studying the activities of academician S.Baishev

ЖАС ҒАЛЫМДАР ЗЕРТТЕУЛЕРІ ИССЛЕДОВАНИЯ МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ RESEARCH OF YOUNG SCIENTISTS

Саурыкова Ж.С. 1928-1929 жж. қазақ байларын кәмпескелеу саясатына қатысты кейбір мәселелері (Алматы округі мысалында)..... 266

Saurykova Zh.S. Some issues related to the policy of confiscation of kazakh bayas in 1928-1929 (on the example of the almaty district)

Özer T.Ç. Integration Process and Eurasianism in Kazakhstan Foreign Policy..... 277

Өзер Т.Ч. Еуразияшылдық ағымы және Қазақстан Республикасының Еуразиядағы интеграциялық үдерістердегі рөлі

Білім және ғылым саласында қадағалау және аттестациялау жөніндегі комитеттің 2005 ж. №476 «Диссертациялардың негізгі ғылыми нәтижелерін жариялайтын басылымдар тізбесіне» 2003 ж. 26 маусымдағы №433-3 ж бұйрығына толықтыру енгізу туралы бұйрығы негізінде Абай атындағы ҚазҰПУ тарихи ғылымдары бойынша (07.00.00. мамандығы) Хабаршы БҒСҚАК тізіміне енгізілген.

На основании приказа Комитета по надзору и аттестации в сфере образования и науки за №476 от 2005 г. о внесении дополнений в приказ от 26 июня 2003 г. №433-3 ж "Об утверждении Перечня изданий для публикации основных научных результатов диссертаций" Вестник КазНПУ им. Абая по историческим наукам (специальность 07.00.00) внесен в Перечень КНАСОН

On the basis of the decision of Committee for control in the sphere of education and science (order №433-3. from June, 26, 2003) Bulletin of Abai Kazakh national pedagogical university, series «Historical and socio-political sciences» is included into the list of issues to publish the basic scientific results of dissertations on historical sciences (speciality - 0700 00)

**АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ
АРХЕОЛОГИЯ И ЭТНОЛОГИЯ
ARCHAEOLOGY AND ETHNOLOGY**

**ӘОЖ 902.035
ГТАМР 03.41.91**

10.51889/8531.2022.81.59.026

*М.Гурсой*¹, Б.Сиздиқов², С.Мурғабәев³*

*¹ Қожас Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Археология ғылыми зерттеу институтының жетекші ғылыми қызметкері, Түркістан қ., Қазақстан
E.mail. muzaffer.gursoy@ayu.edu.kz*

*² Қожас Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Археология ғылыми зерттеу институтының жетекші ғылыми қызметкері,
Түркістан қ., Қазақстан
E.mail. sizdikov.bagdaulet@ayu.edu.kz*

*³ Қожас Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Археология ғылыми зерттеу институтының аға ғылыми қызметкері, Түркістан қ., Қазақстан
E.mail. murgabaev.saginbay@ayu.edu.kz*

**ОРТАҒАСЫРЛЫҚ СЫҒАНАҚ ҚАЛАСЫНАН ТАБЫЛҒАН АСХАНА ЖАРАҚТАРЫ
(КӨЗҚАРАСТАР МЕН ПІКІРЛЕР)**

Аңдатпа

2020 жылы Сығанақ қаласындағы №19 нысанның оңтүстік батыс қазба шекара жиегінен, бетіне қазан төңкерілген төрт тостақ табылды. Өткен жылдары аталмыш қаланың белгілі бөліктерінде жүргізілген қазба жұмыстары барысында керамикалық дастархан фрагменттері де алынған болатын. Бұл табылымдар Сығанақ қаласы тұрғындарының асхана мәдениетінен сыр шертуі мүмкін. Ыдыс бетінің тағарамен жабылуын тазалық тұрғысынан алып қарасақ – бұл қазіргі кездегі аналарымыздың асхана тәртібі мен қағидаларын еске түсіреді. Сонымен қатар, сол кездің өзінде халық арасында «зиянкес тылсым күштер» бар деген сенім айтарлықтай орын алған деген ойға жетелейді. Бұл жағдай ең болмағанда ыдыс бетін бір тал шыбықпен жапқан қазақ халқының сенімімен астасып жатқандай көрінеді. Ал, ескі ырым жоралғылық тұрғысынан алып қарар болсақ, қазақтың тұрмыстық дәстүрінде қазанды төңкеру практикасының тұяқсыз қалған кісінің қабірі басында атқарылғандығын байқаймыз. Сондықтанда да, беті жабық ыдыстардың астарында бұрынғы Сығанақ тұрғындарының дүниетанымы мен рухани өмірінің қыр сырлары жатуы әбден мүмкін. Бұл мақалада қазба барысында табылған төңкерілген қазан және қазанның астынан алынған тостақтар қазақтың күнделікті тұрмыс қағидалары және ырым жоралғыларымен байланыстыра отырып қарастырылды. Сонымен қатар жұмыста әдіснамалық тұрғыдан сипаттау, салыстыру және аналитикалық талдау сияқты зерттеу әдістері қолданылды.

Түйін сөздер: Қызылорда, Сығанақ қалашығы, орта ғасыр, мәдениет, саз ыдыстар, археология.

Мақала «Тарихи-мәдени мұра нысаны – ортағасырлық Сығанақ қалашығында кешенді археологиялық зерттеулер жүргізу» тақырыбындағы ғылыми жоба негізінде дайындалды (BR10965310, келісім шарт № 376) ҚР БҒМ.

М.Гурсой*¹, Б.Сиздиқов², С.Мурғабәев³

¹ *Международного казахско-турецкого университета имени Ходжа Ахмеда Ясави,
научный сотрудник Научно-исследовательского института археологии,
Туркестан, Казахстан*

E.mail. muzaffer.gursoy@ayu.edu.kz

² *Международного казахско-турецкого университета имени Ходжа Ахмеда Ясави научный сотрудник
Научно-исследовательского института археологии,
Туркестан, Казахстан*

E.mail. sizdikov.bagdaulet@ayu.edu.kz

³ *Международного казахско-турецкого университета имени Ходжа Ахмеда Ясави, Старший научный
сотрудник Научно-исследовательского института археологии,
Туркестан, Казахстан*

E.mail. murgabaev.sagynbay@ayu.edu.kz

КУХОННАЯ УТВАРЬ СО СРЕДНЕВЕКОВОГО ГОРОДИЩА СЫГАНАК (МНЕНИЯ И РАССУЖДЕНИЯ)

Аннотация

Во время раскопок средневекового городища Сыганак в 2020 году на юго-западной окраине раскопа №19 под перевернутым котлом были обнаружены четыре чаши. В предыдущие годы при раскопках в некоторых частях города были обнаружены фрагменты керамических дастарханов. Эти находки могут рассказать нам о кулинарной культуре сыгнакцев. Если судить с точки зрения чистоты, то что посуда прикрыта сверху казаном – это напоминает нам современные правила поведения на кухне наших современных женщин. В то же время вероятно уже в то время среди жителей были распространены представления о существовании «вредных мистических сил». Эта ситуация, кажется, переплетается с верованиями казахов, которые обязательно прикрывают посуду сверху, хотя бы веточкой. И если мы посмотрим на этот старинный обряд с точки зрения традиций, то увидим, что в казахской бытовой традиции обряд опрокидывания котла совершался на могиле человека оставшегося без наследников. Поэтому вполне возможно, что под закрытыми сосудах скрываются тайны мировоззрения и духовной жизни бывшего сыгнакцев. В статье, обнаруженный в ходе раскопок котел и чаши рассматриваются во взаимосвязи с повседневной бытовой практикой и поверьями и ритуалами казахов. Использовались такие методы исследования, как методологическое описание, сравнение и аналитический анализ.

Ключевые слова: Кызылорда, городище Сыганак, средневековые, культура, глиняные сосуды, археология.

*M.Gursoy *1, B.Sizdikov², S.Murgabaev³*

*¹ Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University,
Senior researcher of the Research Institute of Archaeology, Turkistan, Kazakhstan
E.mail. muzaffer.gursoy@ayu.edu.kz*

*² Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University,
Senior researcher of the Research Institute of Archaeology, Turkistan, Kazakhstan
E.mail. sizdikov.bagdaulet@ayu.edu.kz*

*³ Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University,
Senior researcher of the Research Institute of Archaeology, Turkistan, Kazakhstan
E.mail. murgabayev.sagynbay@ayu.edu.kz*

KITCHEN UTENSILS FROM THE MEDIEVAL SETTLEMENT OF SYGANAK (OPINIONS AND REASONING)

Abstract

During the excavations of the medieval settlement of Syganak in 2020, four bowls were found under an inverted cauldron on the southwestern outskirts of excavation No. 19. In previous years, during excavations in some parts of the city, fragments of ceramic dastarkhans were found. These findings can tell us about the culinary culture of the syganak people. Judging from the point of view of cleanliness, the fact that the dishes are covered with a cauldron on top reminds us of the modern rules of behavior in the kitchen of our modern women. At the

same time, probably already at that time, ideas about the existence of "harmful mystical forces" were widespread among the inhabitants. This situation seems to be intertwined with the beliefs of the Kazakhs, who necessarily cover the dishes from above, at least with a twig. And if we look at this ancient rite from the point of view of traditions, we will see that in the Kazakh everyday tradition, the rite of overturning the cauldron was performed on the grave of a person without heirs. Therefore, it is quite possible that under the closed vessels the secrets of the worldview and spiritual life of the former gamenak are hidden. In the article, the cauldron and cups discovered during the excavations are considered in connection with the daily everyday practice and beliefs and rituals of the Kazakhs. The research methods used were methodological description, comparison and analytical analysis.

Keywords: Kyzylorda, settlement Shyganak, middle ages, culture, earthen vessels, archeology.

Кіріспе. Сырдарияның ортаңғы ағысы оңтүстіктегі ежелгі отырықшылармен солтүстіктегі көшпенділердің мәдениеті тоғысқан орындардың бірі. Ежелгі кезден бастап бұл жерде көптеген қалалар бой көтерген [1, 304;2, 25]. Ғалымдар сыр бойы тарихының ежелгі кезеңдегі тамырын өте алыстан іздестіріп, оны сақ, қаңлы және оғыз тайпаларынан бастатады. Бұл кезеңде өңірде жетіасар және оғыз мәдениеті қалыптасты. Нәтижесінде, Шірікрабат, Баланды, Жанкент сияқты қалалар салынды [3, 4-10]. Бұл мәдени даму үдерісі ортағасырда да жалғасын тапты. Сөйтіп, аталмыш өңір қалаларымен аты аңызға айналды. Бұл қалалар қатарына Жанкент, Жент, Өзгент, Орқала, Сығанақ және т.б. қалалар жатады. Мұндай тұнып тұрған тарихты зерттеу ісі ғалымдардың назарынан тыс қалмады. Мысалға, Сыр бойындағы қиранды қала орындары мен ғибадатханалар және қорымдарды зерттеу ісін С.П. Толстов [4, 321], Б.И. Вайнберг, Л.М. Левина [5, 73] сынды ғалымдар бастаса, қазіргі таңда С.Жолдасбайев [6], Ж.Құрманқұлов [8], М.Елеуов, С.Есен [9], Ө.Тәжекеев [10] және т. б. ғалымдар өз үлесін қосып келеді. Бұл қалаларда жүргізілген зерттеу жұмыстары қазақтың ежелгі және ортағасырдағы тарихы, өнері, мәдениеті, дүниетанымы мен рухани өмірін түсінугізге септігін тигізеді.

Бұл мақаланы жазуға Сығанақ қаласынан табылған төңкерілген қазандар арқау болып отыр.

Мақаланың мақсаты Сығанақ қаласында жүргізілген зерттеу жұмыстары жайында қысқаша мәлімет беру, табылған қазандардың не себепті төңкерілгендігін ерте темір дәуірі мен этнографиялық кезеңде атқарылған ғұрптармен салыстыра отырып қарастыру арқылы Ортағасырдағы Сығанақ тұрғындарының рухани өмірін, дүниетанымын жаңғырту және болжамды тұжырымдар жасау болып табылады. Сонымен қатар анықталған рухани ақпарлардың ежелгі және этнографиялық кезеңмен сабақтастығын анықтау, қала іргесінің қалану тарихы мен зерттелу тарихына шолу жасау бұл жұмыстың екінші бір мақсатын құрайды.


Мақаланы жазу барысында қазба материалдары мен жазбаша материалдар пайдаланылды. Ашып айтар болсақ қазба барысында табылған төңкерілген қазандар мен аршылған жерлеулер сарапталып бұл жағдайдың мәні мен мағынасына мұқият назар аударылды. Ол үшін жазбаша материалдар кеңінен қолданылды. Бұл материалдар Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ – түрік университетінің кітапханасынан алынды. Сонымен қатар Ұлттық кітапхананың электронды ресурстары пайдаланылды. Жинақталған деректер жүйеленіп, салыстырмалы тұрғыдан қарастырылды. Келтірілген мағлұматтар айқын және түсінікті болу үшін көрнекіліктер қолданылды. Сонымен қатар ежелгі және этнографиялық кезеңге байланысты келтірілген деректердің суреттері болмауына байланысты жаңғыртпа суреттер салынды. Бұған И.А. Кастаньенің кітабы негізге алынды [11].

Талқылау. Мақалада Сығанақ қаласынан табылған төңкерілген ыдыстар ежелгі темір дәуірі және этнографиялық кезеңде атқарылған «қазан төңкеру» ғұрпымен салыстырмалды. Нәтижесінде қазақ халқының мәдениеті мен рухани өмірінің бір пұшпағы жайында маңызды нәтижелерге қол жеткізілді. Бұл нәтижелердің ен алғаш осы мақалада орын алуы және жариялануы бұл мақаланың маңызды тұсын құрайды.

№19 нысаннан алынған заттай деректер біздерге ортағасырдағы Сығанақ тұрғындарының күнделікті тұрмысы мен дүниетанымы жайында болжам жүргізуімізге мүмкіндік беріп отыр. Тақырыпқа көшпес бұрын Сығанақ қаласының географиялық орны, қала іргесінің қалану тарихы мен аталмыш қалада осы күнге дейін атқарылған зерттеу жұмыстарына тоқталуды жөн көріп отырмыз.

Нәтиже. Сығанақ қаласының географиялық орны

Сығанақ қаласы Сырдарияның ортаңғы ағысында, қазіргі Жаңақорған ауданына қарасты Сунақата ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 2 шақырым жерде орналасқан (1-сурет).



1 – Сурет. Сығанақ қаласының орны

Археологиялық және жазба деректер негізінде қала іргесінің қалану тарихы

Сығанақ қаласына 1947 жылы ОҚАЭ-ның жетекшісі А.А. Бернштам [12, 59] келіп қаланың топографиялық жобасын түсіріп, үстінен жинастырған материалдар бойынша қаланың б.д.д. қаңлы дәуірінен бері өмір сүріп келе жатқандығы туралы жазған.

Бұдан кейін қалаға XX ғасырдың 40-шы жылдарының аяғында 50-ші жылдардың басында ОҚАЭ-ның жетекшісі Е.И. Агеева мен Г.И. Пацевичтер [13, 96] археологиялық барлау барысында жұмыс жүргізген. Бұлар да үстінен жинастырылған материалдар бойынша қаланың V-VIII ғасырда өмір сүріп одан кейін құлдырап, XII-XVI ғғ. қайта көтеріліп, Ақ Орданың кезінде қайта жанданғандығын жазады. Жоғарыда келтірілген мағлұматтарға қарағанда Сығанақ қаласының іргесі қаңлы дәуірінде қаланғандығы аңғарылады. Алайда, А.А. Бернштаммен Е.И. Агеевалар қалаға қазба жұмыстарын жүргізбеген. Неліктен мұндай тұжырымға келгендігі әзірге белгісіз.

Дегенмен тарихи деректерге қарағанда б.д.д. II - б.д. V ғасырларында Ташкент жазирасы мен Сырдария, Жаңадария, Қуандария алабының ежелгі арналары және Жетісудың оңтүстік-батыс бөлігімен қоса Оңтүстік Қазақстанның қаңлы тайпаларының мекеніне айналғандығы белгілі. Авестада Кангхе деген көне қала атауы кездеседі. Ғалымдар бұл атауды қаңлы тайпаларына балайды. Кезінде қаңлы мемлекетінің аумағы ұлан-байтақ жерді қамтыған. Қылышынан қан тамып тұрған кезінде оған Сусе, Фумо, Юйни, Цзи, Юйцзянь сияқты бес «шағын иелік», сондай-ақ Янцай бағынған. Олардың орналасуы даулы болып қалып отыр [14, 272]. Алайда С.Жолдасбаев өз еңбегінде «Сығанақ қаласы тұрған жер Сусе обл. жері болған, бұл обл. Сырдың орта ағысы болып есептелген» деп көрсеткен [15].

Тәуелсіздік алғаннан кейін С.Жолдасбаев қаланың мәдени қабаттары мен мерзімін нақтылау мақсатында Сығанақ қаласының солтүстік шығыс шетіне барлау шұрфын салған. Бірнеше жылға созылған жұмыс барысында кілкіген жер асты сулары айтарлықтай қиындық тудырды. Материк деңгейіне дейін жүргізілген зерттеулер шұрф салынған алаңда қаңлы мәдениетіне тиесілі мәдени құндылықтардың жоқ екендігін көрсетіп қана қоймай осы тұстағы материалдық қалдықтардың (Қарахан дәуіріне жататын бетінде эпиграфиялық жазуы барсаз ыдыстың бір бөлігін қоспағанда) ең ертесі XIV ғасырға жататындығы айқындалған. Бұл қорытынды қаланың белгілі бір бөлігінен алынған деректер

негізінде жасалған. Сондықтан-да Сығанақта қаңлы дәуірі жоқ деп дөп басып айту қиын. Бұл кезеңнің мәдени қабаты қаланың басқа бөлігінде жатуы мүмкін. Мұны анықтау алдағы зерттеу жұмыстарының еншісіне қалып отыр. Сығанақ қаласы іргесінің қашан қаланғандығы белгісіз болса да жазба деректер қаланың орта ғасырлық келбетін жаңғыртуға мүмкіндік береді.

Мысалға жазба деректерде қаланың аты IX-X ғасырларда кездеспейді, XI ғасырдан бастап қаланың Сығанақ деген аты атақты ғұлама түркі тілінің маманы ғалым Махмут Қашқаридың “Түркі тілінің сөздігі” деген атақты еңбегінде кездеседі. Бұл еңбекте «Суғнақ оғыз қалаларының бірі» деп жазылған [16, 531]. XI-XII ғасырларда Қараханид мемлекетінің кезіндегі жазба деректердің барлығында қаланың аты жаппай кездесіп отырады.

Қазіргі таңдағы ғылыми еңбектерде Сығанақтың XI-XII ғ. қыпшақ хандығының, XIII-XIV ғ. Ақ Орданың, XV ғ. Әбілхайыр хандығының XVI ғ. қазақ хандығының астанасы болғандығы жазылған [15, 7].

Сығанақ қаласын халықтар ең соңғы рет XVII ғасырда мекендеген. Осы ғасырдың аяғына таман қала өмір сүруін тоқтатып үйіндіге айналған. Көп ұзамай тұрғындар төбе үстіне жерлеулер жүзеге асырған. Кейбір жерлерде топырақ қабірге бірнеше адам жерленген. Бұлардың басына ешқандай белгі орнатылмаған. Бұл жағдай қоғам ішінде бір тоқырау кезең болдыма, қала халқы қандайда бір соғыс немесе ашаршылықты бастан кештіме деген ойға жетелейді. Мұндай жайттың орын алған болуы әбден мүмкін. Өйткені бір жерге бірнеше адамның жерленуі және сол маңға қыш ыдыстардың төңкерілуі кездейсоқ жағдай болмаса керек. Табылған заттар төңкерілген ыдыстармен, жерлеулердің XVI ғасырға жататындығын көрсетті. Бұл кезеңде қазақ даласына Жоңғарлардың басқыншылық жорықтар жүргізгені белгілі. Сығанақтағы ұжымдық жерлеудің осы саяси оқиғамен байланысты болуы да мүмкін.

Сығанақ қаласында жүргізілген зерттеу жұмыстарының тарихы

Қаладағы зерттеу жұмыстарын патшалық ресей тұсындағы зерттеулер, кеңес үкіметі кезеңіндегі зерттеулер және тәуелсіздік алғаннан кейінгі зерттеулер деп үш кезеңге бөліп қарастыруға болады. Дегенмен алғашқы екі кезеңдегі зерттеулер археологиялық тұрғыдан емес тек жазбаша деректер негізінде қалаға байланысты мәліметтер жинақтау тұрғысынан жүргізілген.

Патшалық ресей тұсындағы зерттеулер

Алғашқы орыс ғалымдарының зерттеулеріне қарағанда Сығанақ қаласына XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап көңіл бөле бастаған.

Алғаш рет 1867 жылы орыс археологиялық комиссиясының тапсырмасы бойынша археолог П.И. Лерх [17, 11-12] Түркістан аймағындағы ортағасырлық қалаларды қарап шығуға жіберіледі. Ғалым қалада болып, оның қай жерде орналасқаны туралы ақпарат берген. Сонымен қатар өз еңбегінде Рашид-аддин, Абдул-газы, Мирхонда, Абдурезак, Масуди және т.б. жазушыларды сілтеме көрсете отырып Сығанақ атауының айтылу түрлеріне тоқталған. Ары қарай Сығанақта Селжуктардың соңғы ұрпақтары ислам дінін қабылдап, осы жерде жерленген деген де дерек келтірген. Ал 1892 жылы өлкетанушы Е.А. Смирнов [18, 7] Ташкенттен-Қызылордаға жасаған барлау кезінде Сығанақта болып, оның аумағымен Төмен арық пен қаланың суландыратын жүйесін хабарлап, қала туралы ешнәрсе жазбаған. Ал, 1899 жылы Түркістан өлкетану бөлімінің меңгерушісі В.А. Каллаур [19, 6] қалаға барлау жұмысын жүргізіп, оның топографиясын сипаттап және қаланың шығыс жағындағы қақпасының алдындағы 100 м жердегі мешіттің жобасын қағазға түсіреді. 1906 жылы қаланы археолог И.А. Кастанье [11, 57-58] қарап шығады. Ол Каллаурдың қала туралы жазғандарын толықтыра түседі.

Кеңес үкіметі кезеңіндегі зерттеулер

1927 жылы РА-ның жанындағы материалдық мәдениет институтының тапсырмасы бойынша Сығанақ қаласын А.Ю.Якубовский [20, 58-59] біршама тыңғылықты қарап шығады. Ол қаланың топографиялық жағына көңіл бөліп жанындағы кейбір керегелері сақтаулы тұрған ғимараттардың суретін түсіріп алған. Қала туралы үлкен ғылыми мақала жазған.

Бұдан 20 жылдан кейін қалаға 1947 жылы ОҚАЭ-ның жетекшісі А.А. Бернштам [12, 123] келіп қаланың бедерін түсіреді. Сонымен қатар саз ыдыс бөліктерін жинастырып қаланың б.д.д. қаңлы дәуірінен бері өмір сүріп келе жатқандығын тілге тиек етеді.

Бұдан кейін қалаға XX ғасырдың 40-шы жылдарының аяғында Е.И. Агеева мен Г.И. Пацевичтер [13,96] археологиялық барлау жұмыстарын жүргізген. Бұлар да үстінен жинастырылған материалдар бойынша қаланың даму кезеңдері бойынша өз пікірлерін жазады. Алайда, бұлар да қалаға қазба жұмыстарын жүргізбеген. Ал, 1980 жылдары Т.Мамиев қалада зерттеу жұмыстарын жүргізіп, бір қатар тың деректер алды.

Сонымен жоғары да көрсетілген ғалымдардың барлығы қалаға ешбір ғылыми қазба жұмыстарын жүргізбеген. Бұл кездегі зерттеулер тек барлау түрінде жүргізіліп қалаға және маңында орналасқан

ескерткіштерге байланысты біршама сипаттамалар жасалған. Сонымен қатар жинақталған саз ыдыс бөліктері негізінде қаланың болжамды мерзімі белгіленген. Осы кезде атқарылған жұмыстар қазіргі зерттеулерге арқау болып өз маңыздылығын сақтап отыр.

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі зерттеулер

Тәуелсіздік алғаннан кейін еліміз отарлық езгінің бұғауынан босап, өзіміздің төл тарихымызды еш бір бұрмалаусыз зерттеп зерделеудің жолы ашылды. Осы кезде бір қатары өзімізге ұстаздық еткен қазақстандық ғалымдарымыз төбе төбе болып жатқан қорымдар мен үйінді болып жатқан қалалардың орнын зерттеуге ат басын бұрды. Міне солардың бірі С.Жолдасбайұлы болатын. Аталмыш ғалым 2003 жылы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Археология, этнология және мұражай кафедрасының ұстаздарына жетекшілік етіп, әрі осы кафедрада оқитын білімгерлерді далалық тағылымдамадан өткізу мақсатында Сығанақ қаласында археологиялық зерттеулерді бастады. Қазба жұмысы бірден үш жерде жүргізілді. Бұлардың нәтижесі «Сығанақ жәдірлері» атты монографияда жарияланды [15]. Қаладағы археологиялық қазба жұмыстары қазіргі таңға дейін тұрақты түрде тек аталмыш мекеме тарапынан жүргізіліп келеді. Дегенмен бұл жерді бір рет қазған зерттеушілерде бар. Атап айтар болсақ 2005 жылы Қорқыт Ата университеті студенттерінің далалық практикасына жетекшілік еткен Т.Мамиев, 2019 жылы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Археология ғылыми-зерттеу институты мен МИТСАИ Халықаралық ұйымының бірлескен экспедициясы қазба жүргізді. Халықаралық экспедиция мүшелері батыс еуропа, батыс қытай тас жолы бойында тұрған бір кесенені қазып, ақ маржан тізілген алтын сырға және бетіне көк бирюза жабыстырылған цилиндр пішінді бой тұмар сынды құнды олжаға кеңелген болатын. Зерттеушілер сырғаны Шойтөбе [21,173] және Күлтөбеден табылған сырғалармен салыстыра келе ескерткішті алдын ала XIII ғасырға мерзімдеген.

Тәуелсіздік алғаннан кейін Сығанақтың оңтүстік қақпасы, ханакасы мен жекелеген үй жайлары аршылып, құрылымдық ерекшеліктері анықталды. Аршылған нысандар Қазқайта жаңғырту мекемесі тарапынан қайта қалпына келтіріліп ашық аспан астындағы мұражайға айналдыру жолында іргелі жұмыстар атқарылды. Ең бастысы орта ғасырлық тарихымыздың кетігі белгілі мөлшерде толығып, сол кезеңнің шаруашылығы, мәдениеті және саяси-экономикалық байланыстары бір шама анықталды.

Сығанақ қаласынан табылған төңкерілген қыш ыдыстар

Өткен жылғы далалық маусымда қазба жұмыстары бірнеше бөлікте атқарылды. Біздер қазба жүргізген нысанға 2019 жылы барлау кесігі салынып, №19 деген шартты атаумен белгіленген болатын [22, 17]. Бұл нысан оңтүстік қақпамен жалғасып жатқан магистралды көшеден батысқа қарай бағытталған тарам көшенің жиегінде, қаланың батыс жақ қамал қабырғалары маңында орналасқан (2-сурет).



2-сурет. №18 және №19 нысандардың орны.

№19 нысанда 15х10 м көлемінде шаршы белгіленіп, осы шаршы ішінде қазба жұмыстарын жүргізу мақсат етілді. Қазба жұмыстарынан алдын №19 нысан көшеге қарай еңістеу, солтүстік жағы биіктеу болып келген төбешік болып жатты. Сонымен қатар төбешік бетін жергілікті табиғи ортаның қазынасы болып табылатын сексеуіл ағашы көмекерген-ді.

Қазба тереңдігі 25 см-ге жеткенде сексеуілдің шірінді қалдықтарымен қатар құланды кесек қалдықтары байқалды. Бұл жағдай бізге 1-құрылыс қабатына тиесілі қалдықтардың жер бетіне жақын орналасқандығын аңғартты. Осыдан кейін, қазба жұмысы қайта жалғасын тауып шаршы іші төмен қарай 60 см-ге дейін тереңдетіле қазыла бастады. Нәтижесінде алып құрылыстың шығыстан батысқа қарай бағытталған қабырға сұлбасы байқалды. Бұл қабырғаның солтүстік жиегі нақтылана түскенімен, оңтүстік жиегін құланды кесектер басып жатты. Сондықтан, аталмыш көкжиек бағытындағы қабырға жиегін анықтау мүмкін болмады.


Осыдан кейін қазба шекарасы солтүстік батысқа қарай кеңейтілді. Аланды кеңейту жұмыстары барысында қазба алаңының оңтүстік батыс шекарасының орта тұсынан, жер бетінен 3 см тереңде төңкеріліп жатқан екі қыш ыдыс табылды. Осы қыш ыдыстың бірінің астынан төрт тостақ алынды (3-сурет: 1-4.).

2020 жылы №19 нысанның 50 м оңтүстік батысында, шартты түрде №18 деп белгіленген аймақта қазба жұмыстары жүргізілді. Осы жердегі асхана бөлмесінің солтүстік-батысында жер бетінен 30 см тереңде сыпа үстіне жерленген 7 адам қаңқасы табылды (4-сурет: 1.). Қаңқалар арқасымен созылыңқы күйде жатқызылып, екі қолы қуық тұсына қойылған. Қаңқалардың кейбірі *In Situ* сақталса кей бірі орнынан қозғалған. Тазалау барысында ағаш қалдықтары мен бірнеше шегелер табылды. Соған қарағанда адамдар ағаш табытпен жерленген болса керек.

Төңкерілген қыш ыдыстармен мен жерлеулердің бірінші қабат деңгейінен табылуы, ыдыстардың кездейсоқ төңкерілмегендігін көрсететіндей. Өйткені ыдыстар кезінде күндізгі жер бетіне төңкеріліп қойылғанға және уақыт өте келе үстін үрме топырақ көмкеріп қалғанға ұқсайды. Бұл жағдай біздерді аталмыш екі қыш ыдыстың 30 см тереңде анықталған қаңқаларға немесе осы жерде әзірге анықталмаған қандайда бір жерлеуге арналған болу керек деген болжам жүргізуге итермеледі. Осы жайт археологтардың назарын өзіне тартып «қазан төңкеру» жоралғысы жайында зерттеу жүргізуге жол ашты. Нәтижесінде аталмыш жоралғының түп тамырының тереңде екендігі және этнографиялық кезенге дейін жалғасын тапқандығы анықталып төмендегідей қорытынды шығаруға негіз болды.



3-сурет. 1–Қазба жиегінде тұрған қыш ыдыстар; 2–Төңкерілген екі қыш ыдыстың көрінісі;
3–Ыдыстарды тазалау сәтінен көрініс; 4–Қыш ыдыстардың астындағы тостақтарды
тазалап алу сәтінен көрініс.



4-сурет. 1–№18 нысаннан арышылған қаңқалар; 2 – Ежелгі темір дәуірі обасы маңына төңкерілген қазан (жаңғыртпа); 3–Этнографиялық кезеңдегі қабірдің басына төңкерілген қазан (жаңғыртпа).

Қорытынды. Ыдыс төңкеру дәстүрінің адам баласының санасына қай дәуірде орныққаны нақты белгісіз. Қолда бар материалдар шеңберінде жүргізген зерттеулеріміз бізге ең алғаш ерте темір дәуірінің жерлеу дәстүрі практикасында көрініс тапқандығын көрсетті. Ашып айтар болсақ Ақан Оңғарұлы өз еңбегінде Жетісудағы обалар мен ғибадатханалар жанында төңкерілген қазандардың табылғандығын атап өткен (4-сурет: 2). Бұл қазандардың адам өліміне байланысты төңкерілгендігін тілге тиек ете келе мұның астарында қайтыс болған адамның жаманшылығы өзімен кетсін деген түсінік жатқан болу керек деген болжам жүргізген [23, 230]. Жалпы бұл қазандар бізге ежелгі тұрғындардың дүниетанымын болжамды түрде жаңғыртуға мүмкіндік береді.

Қазақстанның ежелгі темір дәуірі тұрғындары өмір сүру, өсіп өну сияқты адам өмірінің ең маңызды кезендерін қазанмен байланыстырғандығы байқалады. Қазанмен өмірді баламалау соншалықты қазіргі кезде бір шаңыраққа ұзақ өмір тілегенде қолданылып жүрген «Оттан қазаның түспесін» деген сөздің түп тамырының өзі осы темір дәуіріне барып тірелсе керек. Сондықтан ел ішінде бір кісі қайтыс болғанда онымен бірге оба жанына қазанды төңкеріп кеткен болса керек.

Осы орайда назар аударарлық бір жайт адам өліміне байланысты қазан төңкеру ғұрпы этнографиялық кезеңге дейін келіп жеткен. Тарқатып айтар болсақ, қазақ халқы артында тұяғы қалмаған кісінің қабірі басына қазан төңкерген (4-сурет: 3). Сондықтан қазақ халқы бейбіт күнде қазанды еш қашан төңкермеген, төңкерілген қазан жамандыққа баламаланған. Сонымен қатар, төңкерілген қазан ашаршылықтың белгісі ретінде сипатталады [24]. Осы тұрғыдан алып қарағанда сол кездегі Сығанақ тұрғындары асаршылық кешті ме деген ойға жетелейді. Мұндай жайттың орын алған болуы да мүмкін.

Сығанақ қаласында жүргізілген қазба жұмыстары барысында №18 нысандағылардан бөлек көптеген жерлеулер аршылған болатын. Ал, біздер тапқан төңкерілген қыш ыдыстар ел ішінде тұяқсыз қалған кісіге арналса керек. Мұны табылған қыш ыдыстардың жер бетінен не бәрі 3 см тереңде жатуының өзі дәлелдейтіндей. Бір қызығы өлгенге арнап «қазан төңкеру» ғұрпын Анадолудағы түріктерде кеше күнге дейін атқарған [25, 317]. Сыр бойынан Анадолуға көшкен Оғыздардың бұл ғұрыпты кейінгі ұрпақтарына мұра етіп қалдыруының өзі жалпы Түркі халықтарының байырғы рухани құндылықтарына қаншалықты мән бергендігін дәлелдей түседі.

Осы орайда мына бір деректі де келтіре кеткен жөн. XX ғасырда орын алған ашаршылық кезінде Қазақстанда екі миллионға жақын адам құрбан болған еді. Ашаршылық кезінде дүние салғандардың құрметіне Отырар ауданы Шәуілдір ауылындағы қалалық әкімшіліктің алдына «төңкерілген қазан» ескерткіші орнатылған. Осындай ескерткіштің бірі 2017 жылы Алматыдағы Қарасай батыр және Наурызбай батыр көшелері қиылысындағы саябаққа орнатылған болатын [26]. Бұл ескерткіште өлімші халге жеткен баласын көтеріп тұрған ана, аяқ жағына төңкерілген қазанмен бірге сомдалған. Аталған екі ескерткіштің өзі әлі күге дейін халық жадында қазан төңкеру ғұрпының сақталғандығын көрсетеді.

Жалпы қазіргі қазақтың ырым жоралғыларының халық арасына таралуы бір күнде жүзеге асқан дүние емес. Жоғарыда келтірілген деректер қазан төңкеру ғұрпының ерте темір дәуірінде басталып, орта ғасырда жалғасын тауып, этнографиялық кезеңге дейін келіп жеткендігін көрсетеді.

Қорыта айтқанда алдағы уақытта Сығанақ қаласында жүргізілетін қазба жұмыстары мәдени және рухани құндылықтарымызды түгелдеуге, өткені мен қазіргісін сабақтастыра қарастыруға және ғылыми негіздемелер жасауымызға мүмкіндік берері сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Ахметбек Б. Сыр ескерткіштері. Кітап альбом. – Алматы: «Аспантау», 2017. – Б.304.
- 2 Жонтаева Ж.А., Әбдібаев Ш.Ш. (құрастырушылар) Сыр елінің мәдени мұралары. Бірінші жинақ. – Қызылорда: 2005. – Б.150.
- 3 Дайрабай Т., Ахметов М. Сыр еліндегі ескерткіштер. – Алматы: «Киізкітап» баспасы, 2013. – Б.259.
- 4 Толстов С.П. По древним дельтам Окса и Яксарта. – Москва: Издательство восточной литературы, 1962. – С.321.
- 5 Вайнберг Б.И., Левина Л.М. Чирикватская культура. Низовья Сырдарьи в древности. Вып. I. – Москва: 1993. – С.130.
- 6 Zholdasbaev S., Aldabergenova M. The medieval town of Kazakhstan. Asian Social Science Volume 9, Issue 5. – 2013. –73-82 pp.
- 7 Жетібаев К., Жолдасбаев С., Арынов Қ., Бахтыбаев М. Сығанақ қалашығында 2019 жылы жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстарының нәтижелері. Ясауи университетінің хабаршысы. №2 (116). – 2020.-312-325 бб.
- 8 Құрманқұлов Ж., Жетібаев Ж., Утубаев Ж., Дарменов Р., Тәжекеев Ә. 2008 ж. Баланды I қала жұрты мен оның айналасында жүргізілген археологиялық зерттеулер // http://archaeolog.kz/index.php?option=com_content&view=article&id=129%3A-----1-----2008-&catid=21%3A--2008&Itemid=25&lang=kz сайтынан 19.01.2021 ж. күні алынды.
- 9 Елеуов М., Есен С. Қышқаланың сегіз қырлы медресесі // Әл Фараби ҚазҰУ-нің хабаршысы. Тарих сериясы. 2020. №3 (98). – С.65-72.
- 10 Тәжекеев Ә. Сырдарияның төменгі ағысы бойындағы қалалары: Жетіасар мәдениетімен байланысы//<http://edu.e-history.kz/kz/contents/view/1564> сайтынан 19.01.2020 ж. күні алынған
- 11 Кастанье И.А. Надгробные сооружения киргизских степей. Оренбург: Типография Тургайского Обл. Пропления, 1911. – С.189-192.
- 12 Бернштам А.Н. Проблемы древней истории и этногенеза Южного Казахстана // Известия АН Каз ССР. Серия археологическая. 1949. №2. С.59-99.
- 13 Агеева Е.И., Пацевич Г.И. Из истории оседлых поселений и городов Южного Казахстана. Хронологическая классификация керамики // Труды Института Истории, Археологии и Этнографии. Археология. Отдельный оттиск. Т. 5. – Алматы: Изд-во Академии Наук Казахской ССР. 1958. – С.96-97.
- 14 Қозыбаев, М. Қ. (Отв. Ред.). Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. 1-том. – Алматы: Атамұра, 1996. – 544 с.
- 15 Жолдасбаев С.Ж., Жетібаев К.М., Бахтыбаев М.М., Мургабаев С.С. Сығанақ жәдігерлері. – Түркістан: Тұран, 2016. – 182 с.

- 16 Қаиқари М. Түрік тілінің сөздігі. Үш томдық. 1-том / Пер. Ф. Қ. Егеубай. – Алматы: Хант, 1997. – 588 с.
- 17 Лерх П. Археологическая поездка в Туркестанский край в 1867 году. – Санк-Петербург: Типография Императорской Академии Наук, 1870. – 40 с.
- 18 Смирнов Е.А. Древности на среднем и нижнем течении р. Сырдары // Протоколов заседаний и сообщений членов Туркестанского кружка любителей археологии от 17 февраля. 1897. – С.1-44.
- 19 Каллаур В.А. Древние города Саганак (Сунак), Ашнас или Эшнас (Асанас) в Перовском уезде, разрушенные Чингиз-ханом 1219 г // Протоколов заседаний и сообщений членов Туркестанского кружка любителей археологии. год V, 1900. – С.6-16.
- 20 Якубовский А.Ю. Развалины Сыгнака // Сообщения Государственной академии истории материальной культуры II. Ленинград: Издание Государственной Академии Истории Материальной Культуры, 1929. С.123-159.
- 21 Смагулов Е. Древний Туркестан: штрихи к историческому портрету. – Алматы: Хикари, 2017. 341 с.
- 22 Жолдасбаев С., Жетібаев К.М., Бахтыбаев М.М., Мургабаев С.С., Арынов Қ., Гурсой М., Сиздиқов Б., Амантуров М., Малдыбекова Л. Сығанақ қаласында 2019 жылы атқарылған ғылыми-зерттеу жұмыстары жайлы есеп. – Түркістан, 2019. – С.16-17.
- 23 Оңғарұлы А. Қазақстанның ежелгі тұрғындарының жерлеу ғұрпы. – Алматы: Ә. Х. Марғұлан атындағы Археология институты, 2017. – 252 с.
- 24 Бопайұлы Б. Қазақтың қазан төңкеру ғұрпы. 2020. <https://tugurulhan.kz/articles/3349/aza-ty-azan-t-keru-rpy/>(дата обращения: 19.01.2021)
- 25 Erol K.İ. Balıkesir Merkez İlçe Manav Köyleri Halk Edebiyatı ve Folklor Derlemeleri. Yüksek Lisans Tezi. Balıkesir, 2014. 430 с.
- 26 https://www.azattyq.org/a/kazakhstan_almaty_monument_to_the_victims_of_hunger/28519940.html

References:

- 1 Ahmetbek B. Syr eskertkishteri. Kitap albom [Monuments of cheese. Book album. – Almaty: «Aspantay», 2017.- B.304.
- 2 Jontaeва J.A., Ábdibaev Sh.Sh. (qurastyryshylar) Syr eliniń mádeni muralary. Birinshi jinaq [Cultural heritage of the cheese country. First collection. – Qyzylorda: 2005.- B.150.
- 3 Dairabai T., Ahmetov M. Syr elindegi eskertkishter [Monuments in the country of Syr]. – Almaty: «Kiizkitap» baspasy, 2013.- B.259.
- 4 Tolstov S.P. Po drevnim deltam Oksa ı Iaksarta [On the ancient deltas of the Oxus and Jaxartes]. – Moskva: Izdatelstvo vostochnoi literatıry, 1962.- S.321.
- 5 Vainberg B.I., Levina L.M. Chirikrabskaia kıltyra. Nizovia Syrdarı v drevnosti. Vyp. I [Chirikrabad culture. The lower reaches of the Syr Darya in ancient times. Issue I]. – Moskva: 1993.- S.130.
- 6 Zholdasbaev S., Aldabergenova M. The medieval town of Kazakhstan. Asian Social Science Volume 9, Issue 5. – 2013.-73-82 pp.
- 7 Jetibaev K., Joldasbaev S., Arynov Q., Bahtybaev M. Syganaq qalashygynda 2019 jyly júrgizilgen arheologualyq zertteý jumystarynyń nátiželeri. Iasayı úniversitetiniń habarshysy. №2 (116) [Results of archaeological research conducted in the syganak settlement in 2019. Bulletin of yasawi University. №2 (116)]. – 2020.-312-325 bb.
- 8 Qurmanqulov J., Jetibaev J., Ýtybaev J., Darmanov R., Tájekeev Á. 2008 j. Balandy I qala jurty men onyń ainalasynda júrgizilgen arheologualyq zertteýler. [In 2008, archaeological research was carried out in and around the city of Balandy] http://archaeolog.kz/index.php?option=com_content&view=article&id=129%3A----1-----2008-&catid=21%3A--2008&Itemid=25&lang=kz saıtynan 19.01.2021 j. kúni alyndy.
- 9 Eleuov, M., Esen, S. 2020. In Al Farabi Kazak Ulttyk Universitetinin Khabarshysy. Tarikh seriiasy. (Bulletin of Al-Farabi Kazakh National University. history series) №3 (98). 65-72. (In Kazakh).
- 10 Tájekeev Á. Syrdaruanyń tómengi aғыsı boyndaғы qalalary: Jetiasar mádenietimen bailanysy [Cities along the lower reaches of the Syr Darya: connection with the Zhetiasar culture] <http://edu.e-history.kz/kz/contents/view/1564> saıtynan 19.01.2020 j. kúni alyngan
- 11 Kastane, I.A. 1911. Nadgrobye sooruzheniia kirgizskikh stepei(Tombstones of the Kyrgyz steppes). Orenburg: Tipografiia Turgaiskago Obl. Prapleniia, (In Russian).

12 Bernshtam, A.N. 1949. In *Изvestiia Natsionalnoi Akademii nauk Respubliki Kazakhstan, Seriiia arkhеologicheskаia 2* (Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Archaeological Series 2) 59-99. (In Russian).

13 Ageeva, E.I., Patsevich, G.I. 1958. In *Trudy Instituta Istorii, Arkheologii i Etnografii. Arkheologiiia. Otdelnyi ottisk. T. 5* (Proceedings of the Institute of History, Archeology and Ethnography. Archeology. Separate impression. Vol 5). Almaty: *İzd-vo Akademii Nauk Kazahskoi SSR*. 157-202 (In Russian).

14 In Qozybaev, M. Q. (ed.). 1996. *Qazaqstan tarihy. Kone zamannan buginge deiin 1-tom* (History of Kazakhstan. From ancient times to the present Vol 1). Almaty: Atamura. (In Kazakh).

15 Zholdasbaev, S.Zh., Zhetibaev, K.M., et al.2016. *Syganaq zhадigerleri*(Syganak Treasures). Turkistan: Turan, (In Kazakh).

16 Qashqari, M. 1997. In *Egeubai* (trans.). *Turik tilinin sozdigi. Ysh tomдық. 1-tom* (Dictionary of the Turkish language. In three volumes. Volume I). Almaty: Khant, (In Kazakh).

17 Lerkh, P. 1870. *Arkheologicheskаia poezdka v Turkestanskii krai v 1867 godu*(Archaeological trip to the Turkestan region in 1867). St. Petersburg: *Tipografiia Imperatorskoi Akademi Nauk*, (In Russian).

18 Smirnov, E.A. 1897. In *Protokolov zasedanii i soobshchenii chlenov Turkestanskogo kruzhdka liubitelei arkhеologii. 17 Fevralia*(Minutes of meetings and reports of members of the Turkestan of archeology lovers. February 17th). 1-44. (In Russian).

19 Kallaur, V.A. 1900. In *Protokolov zasedanii i soobshchenii chlenov Turkestanskogo kruzhdka liubitelei arkhеologii. god V*(Minutes of meetings and reports of members of the Turkestan of archeology lovers. year V). 6-16. (In Russian).

20 Iakubovskii, A.Iu. 1929. In *Soobshcheniia Gosudarstvenoi akademii istorii materialnoi kultury II* (Reports of the State Academy of the History of Material Culture II). Leningrad: *Izdanie Gosudarstvennoi Akademii Istorii Materialnoi Kultury*, 123-159. (In Russian).

21 Smagulov, E. 2017. *Drevnii Turkestan: shtrikhi k istoricheskому portretu* (Ancient Turkestan: touches to a historical portrait). Almaty. (In Russian).

22 Zholdasbaev, S., Zhetibaev, K.M. et al., 2019. *Syganaq qalasynda 2019 zhyly atqarylğan gylimi-zertteu zhumystary zhaily esep* (Report on the research conducted in 2019 at Syganak). Turkistan, 16-17. (In Kazakh).

23 Ongaruly, A. 2017. *Qazaqstannyn ezhelgi turgyndarynyn zherleu gurpy* (Burial traditions of the ancient inhabitants of Kazakhstan). Almaty: *Ә. Kh. Margulan atyndagy Arkheologiiia Instituty*, (In Kazakh).

24 Bopaiuly, B. 2020. *Qazaqtyn qazan tonkeru gurpy*(Kazakh boiler-turning ritual). [https://tugurulhan.kz/articles/3349/aza-ty-azan-t-keru-rpy/\(дама обращения: 19.01.2021\)](https://tugurulhan.kz/articles/3349/aza-ty-azan-t-keru-rpy/(дама обращения: 19.01.2021))

25 Erol K.İ. 2014. In *Yüksek Lisans Tezi* (Master thesis). Balıkesir. (In Turkish)

26. https://www.azattyq.org/a/kazakhstan_almaty_monument_to_the_victims_of_hunger/28519940.html